КММ "Сокологоров орта мектебі"
Сокологоров селосы
Ғ.Мүсірепов ауданы, СҚО
Копжасарова Динара Сериковна
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Сред.специальное



**4 сынып**
**Сабақтың тақырыбы**: Қазақтың ұлттық киімдері

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік** – оқушыларды ұлттық киімдердің түрлерімен таныстыру, ұлттық сөзінің ерекшелігін көрсету, баяндау, есте сақтау қабілетін ұлғайту, білімдерін толықтыру.

**Дамытушылық** – Оқушыларды ауызекі сөйлеуге дағдыландыру, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша ой дамыту.

**Тәрбиелік** – Оқушыларды ұлттық сыйластыққа, жерін қадірлей білуге, салт-дәстүрлерімізді, мәдениетімізді қастерлеуге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Жаңа сабақ

**Әдісі**: түсіндіру, тіл дамыту, ой шақыру.

**Көрнекілігі**: суреттер, сызбалар, сөзжұмбақ

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Сәлеметсіңдер ме?!
Бүгін сініпта кім кезекші?
Сабақта кім жоқ?
қазір жылдың қай мезгілі?
Бүгін ауа райы қандай?
Аптаның қай күні?
үй тапсырмасына не берілді?

**Үй тапсырмасын тексеру**: Сигнал карточкалары бойынша үйге берілген талдау жұмысын орындалуын анықтау.

**Жаңа сабақ:**

Сабақтың тақырыбын анықтау мақсатында сөзжұмбақ шешу.

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қ | **Ұ** | Л | А | Қ | | | |
| | | Г | Ү | **Л** | | | | | | |
| | | | | **Т** | Е | Р | Е | З | Е | |
| С | А | Ғ | А | **Т** | | | | | | |
| | Т | А | У | **Ы** | Қ | | | | | |
| | | | | **Қ** | А | З | | | | |
| | | | | **К** | Ө | Б | Е | Л | Е | К |
| | | | Қ | **И** | Я | Р | | | | |
| | С | Ә | Б | **І** | З | | | | | |
| Ж | Ү | З | І | **М** | | | | | | |
| | | | | **Д** | О | М | Б | Ы | Р | А |
| | | | | **Е** | С | І | К | | | |
| | | | О | **Р** | Ы | Н | Д | Ы | Қ | |

Сабақтың мақсаты мен құрылымын айтып өту.

**Мұғалімнің сөзі:**
Қазақтың ұлттық киімдері беске бөлінеді.

Олар:

- **Ерлердің ұлттық киімдері:** Жейде, шапан, шалбар, тон.
- **Әйелдердің ұлттық киімдері:** қос етекті көйлек, қамзол.
- **Ерлердің бас киімдері:** тақия, бөрік, тымақ, айырқалпақ.
- **Әйелдердің бас киімдері:** сәукеле, кимешек.
- **Аяқ киімдер:** кебіс, мәсі.

(Слайд № 1,2,3,4,5,6,7,8,9)

**1 - жаттығу.** Мәтінді оқы, көптік жалғауы бар сөздерді анықта.

Әр халықтың ұлттық **киімдері** болады. Олар ұлттық **ерешеліктерді**, халықтың мәдениетін, көрсетеді.

Қазақ халқының ұлттық **киімдері** оюланып тігіледі. Әр оюдың өз мағынасы болады.

Ер **адамдардың** ұлттық **киімдері**: қалпақ, тымақ, жейде, шалбар, бешпент, шапан, шекпен, ішек, тон.

Әйел **адамдардың** ұлттық **киімдері**: тақия, сәукеле, кимешек, көйлек, қамзол, көкірекше, шапан.

**Сұрақтарға жауап бер.**

- Ұлттық киімдердің неше түрі бар?

- Ер адамдардың киімдері?

- Әйел адамдардың киімдері?
- Ұлттық киімдер қалай әшекейленген?

(Слайд № 10)

**2 - тапсырма.**Сөздерге көптік жалғауын жалғап жаз.

| | | |
|---|---|---|
| Бала | Қамзол | Білезік |
| Немере | Кілем | Қалпақ |
| Ою | Тон | Кимешек |
| Сөре | Ел | Көйлек |
| Қала | Киім | Қолғап |
| Әже | Гүл | Тымақ |
| Сақина | Шапан | Бешпент |

(Слайд № 11)

**СЕРГІТУ СӘТІ:** "Әдемі әтеш", "Буратино" жаттығуларын орындау.

**ТІЛДІК ЖАТТЫҒУ ОРЫНДАУ.**

- Все - …., 
Лекарство - .....
- Ювелир - ......, 
Врач - ........
- Народ - ....., 
Рыба - ......
- Человек - ..., 
Ручка - ...
- Язык - ..., 
Слон - ....

(Слайд № 12)

- Молоко - ..., 
Жди - ....
- Лицо - ..., 
Мясо - ...
- Берег - ...., 
Цена - .....
- Кровь - ..., 
Хлеб - ....
- Богач - ..., 
Масло - ....

**3 - тапсырма.** Сөз тіркестерін құрастыр.

- Кең
- Үлкен
- Қысқа
- Жылы
- Жағалы
- Ұзын
- Әдемі

(Слайд № 13)

- Тон
- Пальто
- Жейде
- Көйлек
- Тақия
- Қамзол
- Шалбар

**4 - тапсырма.** Жақшадағы сөздерді аудар.

- Мынау - (платье). Ол (длинный).
- Мынау - (брюки). Ол (красивое).

- Мынау - (тюбетейка). Ол (красный).
- Мынау - (рубашка). Ол (белая).
- Мынау - (шуба). Ол (теплая.)

(Слайд № 14)

**"СИНКВЕЙН"**
**(Бес жолды өлең)**
**1. Зат есім**
**2. Сын есім**
**3. Етістік**
**4. Сөйлем**
**5. Жалпы мағыналы сөз**

**Мысалы:**

1. Кебіс
2. Аласа, оюланған
3. Тігеді, киеді
4. Кебіс - оюланған киім
5. Аяқ киім.

(Слайд № 15)

**Сабақты қорыту:** Оқушылармен класстер толтыру.




**Үй тапсырмасы:** Бір ұлттық киім туралы шағын әңгіме құрастыр.

**Бағалау:** Оқушылардың білімдерін ескере отырып, баға қою.